

Абжалова А.

Сүлейман Демирел университетінің магистранты

Қазақ елі тәуелсіздігіміздің көк байрағы желбіреп егемен ел болған кезеңде ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетімізге жаңа туындылардың лек-легімен қосылғаны баршамызға аян. Бұл елдігіміз бен ерлігімізді жариялайтын ұлттық құндылықтарымызды жаңғыртқан, ұлттымызды еркіндікке бағыттайтын төл туындылар болып табылады.

1996 жылы жазылған ақын-драматург Иран- Ғайыптың «Естайдың Қорланы» шығарма желісі егемен еліміздің ертеңгі болашағы жастарымызға беретін тәлім- тәрбиесі мол. Себебі қазіргі қоғамда баршаға аян жастар махаббатты жеңіл үйреншікті әдепке айналдырған. Махаббаттың бастауы- саналы ізгілік пен тазалық екеніне жіті мән бермейді. Қоғамда көкек аналар мен тастанды балалардың орын алуы осының айғағы. Елдігіміз бен салт-санамызды жаңғыртатын мұндай шығармалар жаңа буын өкілдеріне керек- ақ. Пьеса желісіне тоқталар болсақ: бірін –бірі сүйген екі ғашық, бір-біріне айрылыспаймыз деп серт беріп тағдырдың маңдайға жазуымен екеуі екі жаққа бөлініп кете барады. Әдеп-ғұрып, салт-сананын аттамай, кіршіксіз адал махаббаттарын құрбан етіп, сыңар аққудай бірін бірі іштей сағынып, өткен күндер елесімен бір-бірінің амандығын тілеп күн кешеді. Жас күнінде өмірдегі аяулы ғашығымен «әйтеуір бір кездесермін»- деген үмітті медет қылуы, нағыз адамгершілік пен парасат шоқтығының биіктігімен ерекшеленеді. Араға елу жыл салғанда әнші, сал, дүлдүл ақын, бүкіл ауылды өнерімен тәнті еткен Естайдың Қорланмен кездесу сәті көрініс тауып сипатталады.

Екі ғашықтың бір-бірін өлеңмен қарсы алуы мен Естай ақынның:

«Мен біреуді етегімнен ұстаттым,

Сөйттім дағы құшағымда жылаттым.

Сен біреудің етегінен ұстаттың,

Сөйттің дағы құшағыңда жыладың»,- деген лирикалық көңіл-күйлері кейіпкерлердің талай жыл бір-біріне сақтаған ізгі ниеттерін толығымен аша түседі»[1.346]. Бірақ бұл кезең Ұлы Отан соғысы жылдарымен тұтас өрбиді. Бір шетінен елді кедейшілік, бір шетінен соғыс, күн сайын әр шаңыраққа келіп жатқан қара қағаздар ауыл жандарының жан күйзелістері.

Ақиық ақын уақыт талабымен адам танымастай күйге түскен. Пьеса авторының ақынжандылығының арқасында Естайдың, Қорланның, Қожақ пен ақсақалдың диалогтары ақындық толғаныспен беріледі. Драмада Естай мен Қорланның эпизодтары лирикалық сазда үн қатысып, адамның сезімі мен санасына әсер етпей қоймайды. Ұлы қаламгер В. Гюго «Драматургия – поэзияның шыңы»-деп көрсеткендей бұл шығармада поэзия драматургиядан бөлінбей керісінше олардың өзара ішкі байланыстары оқиға желісімен өрбіп отырады. «Автор жыр қанатына қонған Естайдың бар болмысын, аңызда естілген сері де парасатты, көмейінен бал тамған есілі ақынды ұрпақтың көз алдында бұлдырландырып жібереді. Бір кемшіліктің бір жетістігі болмай ма? Ал керісінше, Қорланның күйеуі Қожақтың естайдан үстемдігін байқаймыз. Оның ішкі ой иірімдерінде «Сен елу жыл алыстан сүйген Қорланды мен елу жыл құшағымда қыстым» деген мырзалық көңілі басым суреттеледі.

Шығарма желісі Естайдың өлең жолдарымен өрбиді. Ақын жаны нәзік те жұмсақ, Ол айналасына ақындық көзбен қарайды, жүрегі де жаралы, жалғыз ұлын соғыс жалмап, жарын жер қойнына тапсырған ақын ағаның жалғыз да тілегі мен үміті Қорланды бір көру болатын. Қорланның: «Мен адамның Қорланы емес, Естайдың Қорланы болып өлемін»- деген сөзі Естайдың ақындық абыройын асқақтатып тұрғанды.

Драматургия әдебиеттің аса қиын түрі деген ескі пікір баршаға аян. «Ақын және драматургия атты сұхбатында» жазушы Мұстай Кәрім : Поэзиялық шығармадан соң кейде драмалық шығармалар туындап жатады. Поэзия оның оңайырақ түрге жататын болғаны ма?-деген ой тастайды. Ал Николай Абалкин болса; драматургия мен поэзияны егіз ұғым деп қарастырып, драматургия о баста поэзияның қабыршағын жарып шыққан. Драматургия тумысынан поэзияның бір түрі болған. Поэзия өзінің мән-мағынасы жағынан (тіпті шағын өлеңдердің өзі) драматургияға сүйенеді. Шынайы поэзия драма болмауы мүмкін емес. Сондықтан поэзия мен драматургия етене туыс. Ақын атаулының драматургия жанрына соқпай кете алмайтын осыдан» [2.102].

Дәл осы Естайдың Қорланға деген кіршіксіз махаббатын поэзия тілінде ақиық ақын Мұхтар Шаханов мына өлең жолдарымен жеткізеді.

...Елу бір жыл ғашық болдым Қорланға,
 Елу бір жыл өмір сүрдім ендеше.
 Қорланды ойлап, қиял костым таңдарға,
 Қорланды ойлап, шықтым қанша заңғарға.
 Сірә мендей ғашықтықтан бақ тауып,
 Сірә, мендей мұңға батқан жан бар ма?
 Дүниенін өзге бақыт шаттығын
 Менсінбеген
 Менің мұңым тәтті мұң.
 Тәтті емей не?
 Он сегізге ой салып,
 Жиырма бесті таңдандырса қарттығым?!
 Әттең тағдыр қоса алмадым, сорым ба?
 Заман- жылан, жатып алды ау жолымда
 Бірақ менін бақытым да барым да;
 Қорлан берген алтын жүзік жарқырап,
 Елу бір жыл сәуле шашты қолымда.
 Өр толқынға қарсы жүзген өр кеме
 Мен болыпшын.
 Оһо қандай мәртебе!
 Бұл жүзікке елу бір жыл әйелім

Қызғанышпен қарап келді өргене[3.386]- деп 73 жастағы Естай ақынның бұл дүниемен қоштасар алдында досы Нұрлыбекті іздетіп, сұқ саусағындағы жүзігін көрсетіп «Сүйегіме кіргендерге ескерт, жарты ғасыр қолымнан тастамаған мына жүзік, қалған ғұмырымда да қолымда жарқырап жатсын»-деген өтінішін білеміз. Оның Қорланымның ұлы сезімі осы жүзікке сыйып жатыр деп ағыл тегіл жылауы махаббаттың шоктығы биік, алынбайтын камал, сол ғашықтықтың астарында сүйгеніне қосыла алмаған Естай ақынның сағынышы мен зары жатыр. Бұл екі шығармада бір оқиға желісімен драма және поэтикалық түрде беріліп отыр.

Бүгінгі қазақ әдебиетінің ауқымының кеңеюіне назар салғанда, тарихи ғұмырнамалық тақырыптың мол өрістеп отырғаны аңғарылады. Қазақстан Республикасы дербес ел болған соң бұрын соңды айтуға, жазып жариялауға жабық болып келген көптеген тарихи құбылыстар, ұлттың мақтанышы болған ұлы қайраткерлер өмірі мен қызметі драма шығармалар арқауында орын ала бастады. Олар: Қ. Ысқақовтың “Жан қимақ”, Иран-Ғайыптың «Шыңғыс хан», «Естайдың қорланы», С.Сматаевтың «Той үстінде топалаң», Б. Әбілдаұлының «Төле би», О.Дастановтың «Әзірет Сұлтан», А.Бекбосыновтың «Соңғы сезім». Ә.Таразидің «Алатау сынды алабым», Ә. Кекілбаевтың «Абылай хан», Шахмарданның «Томирис», А.Сүлейменов пен Б. Мұқайдың «Заманақыр» шығармаларын атауға болады.

1996 жылдары қазақ драматургиясында өшпестей тарихи орын алған Маман Байсеркеновтің «Абылай ханның ақырғы күндері» атты пьесасын алсақ, Қытай мен Ресейдің ортасында жатқан Қазақ хандығының тәуелсіздігін мен елдігін сақтап қалу үшін төккен тері мен ерлігі баяндалады.

Пьесаның тілі керемет, сөз түйдек-түйдегімен ақтарылып, монологтардан тұрады. Абылайдың аң ұрған өксікті сөздері хан өмірінің соңғы үш күні бейнеленген оқиға Бұқар жырау мен күзет басшысы Сейіс үшеуі арасында өрбиді. Пьесада Абылайдың өлімі сюжетке негіз ретінде көрсетіледі. Абылайдың жай күйі мен қоңір күйдің іс-әрекеттеріне оқырманның жүрегі езіліп, жаны сыздап ауырады хақ. Пьесада халқына деген наразылығын мына мысалдардан аңғаруға болады:

Абылай: - Жоңғар жорығынан соң енді ғана ес жиып, еңсе көтере бастаған ел едік..

Бұқар: Екі алпауыттың арасына баланың сынасындай қыстырылып, қайсысы қай жығымнан қай күні бас салады деп жалтақтаумен күн кешпесе нағылсын

Абылай: Мен ормандай деп орыстан да, қара құрттай деп қытайдан да қорықпан!.. Мені қорқытатын... аузын бассаң ерні жыбырлайтын. Ернін кессең тілі тілерсегінен озатын. Жатқан дос, жақыннан онау іздейтін бірлікке келгенде бәтуәлі сөзі жоқ, айтысқа келгенде алдына қара салмайтын алауыз ағайынның мінезінен қорқам!..[4.9]

Қалай да қазақ хандығын сақтап қалу мақсатында қол жетпес арманы мен өкініш қайғысын, жетістігі мен жеңілістері айқын суреттеледі. Қол жетпес арманы мен орны толмас қателіктерін табыстар мен даналықтарын зерделеп ой елегінен өткізеді.

«Тағы бірде тілі күрмеліп, басы айналып екі қолымен жер таянып еңсесін көтере бере шайқатыла теңселіп барып, жаюлы шапанды құшақтай құлаған бетте қорылдап кетеді, не ұйықтағаны, не есінен танғаны белгісіз, ес жиып басын көтереді. Жан-жағына есеңгірей қарап шапан үстінде шашылып жатқан айыр қалпақ, қанжар, кісеге аң-таң болып, тесіле қарайды. Өзінің аяқ-асты естен танатын белгісіз дертке душар болғанын білетін Абылай, тез тағына жайғасады.

Абылай: -Аз ба, көп пе осы тіршіліктің өзіне қанағат қылмасқлаж бар ма? Қол бастап, қосын ертіп жоңғарлармен қанды айқасқа маңдай тіреген алғашқы алмағайып шақта менде бір –ақ арман болды. Жерімді жаудан тазартып. Басқыншылардан аман сақтап қалсам дедім.Тәңір жар боп тілегім қабыл болды.Енді келіп бар қазақтың басын қосып, ел қатарлы еркіндігі бар ел болуды көкседім. Тілегім теріс айналды.Е-е обалым –ертеңгі күнінің қамын ойламаған бабаларым болғайда...

Бұқар: Атасын жамандап бала озбас, халқын жамандап дана озбас...

Өткеннің де дұрысы болған ,бүгінгінің де бұрысы аз емес...

Абылай: -Қазақтың елі мен жері сонау Есім хан заманынан бері шабынды көріп келді.Жоңғар жорығы әз Жәңгір, әз Жәнібек, әз Тәуке тұсында да толастаған жоқ. Шағылған шаңырақ астында, төңкерілген қазан қасында отырып ертеңгі күннің қамын ойламаған бабаларыма алғыс айтайын ба? Жарайды. Жәңгір қапы қалған екен...Жәнібек неге қамданбайды? Ол да қателесті дейік... Сол қателікті Тәукехан тағы қайталады ғой...Япырмай десеңші, бірінің қателігін бәрі бірдей бірінен соң бірі қайталай берді, қайталай берді... Мүйіздері қарағайдай-қарағайдай Жәңгір, Жәнібек, Тәуке хандар не ойлаған? Осы қателікті түзеуге менің шамам жетпеді. Кейінгі ұрпақ түзей ала ма?»- деп қатты қайғырады.[5.24]

Қорыға келгенде, шығарманың мақсаты: «Абылай- ұлы хан»Сонымен қатар,Уақыт пен тарих алдында шарасыз жан, дәрменсіз пенде. Түйіндеп айтқанда, бәріне де төреші - Уақыт. Тарихтың-өзі. [4.332]

Жоғарыда аталған драматургетріміздің 90 жылдардан кейін жазылған екі шығармасында біреуі махаббатын аңсаған екі мұнлық өмірі болса, екіншісі елдігіміз бен ерлігімізді насихаттайтын (1711-1781) жылдары сол кезеңнің ірі мемлекет қайраткері, реформатор Қазақ хандығының тәуелсіздігін сақтау үшін үлкен еңбек сіңірген Абылай хан өмірінің кейбір тұстары ғана талданды. Ұлттық діліміз бен тарихымызды насихаттайтын осындай шығармалар кейінгі ұрпақтың саналы, ұлтын сүюге бағыттайтын бойтұмары іспеттес.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдебиетінің тарихы.10 томдық.Тәуелсіздік кезеңі.(1991-2001). -Алматы: Қазақпарат, 2006.528б.
2. Сөзстан. Әдеби-сын мақалалар,кескіндемелер,интервью.5 –кітап/Құраст.3 Серікқалиев.- Алматы: Жалын,1984.-224 б.
3. Айтматов Ш., Шаханов М. «Ғасыр айрығындағы сырласу (Құз басындағы аңшының зары)»- Алматы:2008.-512 б
4. М.Байсеркенов «Абылай ханның соңғы күндері» пьесасының түпнұсқасы
5. М. Байсеркенов «Абылай ханның соңғы күндері» пьесасының түпнұсқасы
6. Қазақ әдебиетінің тарихы.10 томдық.Тәуелсіздік кезеңі. (1991-2001). -Алматы: Қазақпарат, 2006.528б.

Summary

This article mentions development of Kazkh dramatic in the period of independence and there are investigations. Analysis of dramatic works. In addition the article narrates about the artistic content and the language of plays written on historical themes after 1990s.